

## Таран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2016 жылғы 16 қарашадағы № 56 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 6753 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2018 жылғы 6 маусымдағы № 190 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 06.06.2018 № 190 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1 бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 189 "Қостанай облысы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5634 тіркелген) сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Таран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрайымы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Таран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ С. Балықбай

16 қараша 2016 жыл

*Н. Түгелбаева*

*С. Сапабеков*

## Таран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объекті	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке арналған жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1.	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,72
2.	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,97
3.	Жатақханалар, интернаттар	1 орын	1,30
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,21
5.	Қонақ үйлер	1 орын	4,27
6.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банкттері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,86
7.	Емханалар	1 адам	0,50
8.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,70
9.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,17
10.	Дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	2,20
11.	Концерт залдары	1 орын	0,32
12.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,13
13.	Стадиондар, спорт алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,10
14.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,22
15.	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,60
16.	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,50
17.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,40
18.	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,28
19.	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,92
20.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,44
21.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялар	1 машина-орын	3,40
22.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,91
23.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,54

24 .	Аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,10
25 .	Тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,62
26 .	Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	1,50
27 .	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	1,01

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ